




«Алтын Орда»
төріндегі
«Алаш»

12-бет



«QJ League»
Футболды
дамытуға қауқары
жете ме?

14-бет



Қарғыннан
өзір қауып
жоқ,

15-бет



EGEMEN QAZAQSTAN

№50 (30529) 15 НАУРЫЗ, СӘРСЕНБІ 2023 ЖЫЛ

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

Жүз жылдық жыйнама

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

Жетісудың өркендеуі жіті назарда



Мемлекет басшысы Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаевты қабылдады. Кездесу кезінде аймақ басшысы Президентке өңірдің 2022 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіші туралы есеп беріп, алдағы кезеге арналған жоспармен таныстырды.

Кездесу барысында облыстың агроөнеркәсіп кешенінің дамыту іс-шараларына баса назар аударылды. Атап айтқанда, игерілмей жатқан жерлерді қайтарып, ауыл шаруашылығы айналымына қосу, ирригация жүйелерін қалпына келтіру және инновациялық агро-технологияларды қолдану арқылы егін өнімділігін арттыру мәселелері талқыланды.

Бейбіт Исабаевтың айтуынша, қант өндірісі саласының дамуы ұдайы бақылауда. Ақсу қант зауытының іске қосу жұмыстары аяқталуға жақын. Биыл кәсіпорын 40 мың тоннаға дейін

қант құрағын өндіруді жоспарлап отыр. Жалпы, өңірде осы жылы 132 мың тоннаға дейін қант өндіріледі. Бұл облыстың қантқа деген қажеттілігін толық өтеп қана қоймай, өнімді басқа өңірлерге де жеткізуге мүмкіндік береді. 2026 жылға қарай қант қызылшасы алқабын екі есе ұлғайту көзделіп отыр.

Сонымен қатар облыс әкімі Мемлекет басшысына тұрғын үй құрылысы, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау, жол инфрақұрылымының, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының жай-күйі, оның ішінде өңірдің газбен қамтамасыз етілуі жөнінде

мәлімет берді. Бүгінде Жетісу облысындағы 22 елді мекенге газ құбыры тартылып, 288 мың тұрғын көгілдір отынға қол жеткізді. Жыл соңына дейін тағы 20 елді мекен газға қосылады.

Бұдан бөлек, 2025 жылға дейін облыста 23 мектеп салу жоспарланып отыр. Соның ішінде 10 мектеп «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында пайдалануға берілімек. «Ауылдағы денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы бойынша 59 медицина нысанын салу, сондай-ақ жергілікті бюджет есебінен 57 блокты-модульді бөлімшені пайдалануға беру көзделген.

Президентке «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының даму барысы жөнінде баяндалды. Оның аумағында индустриялық парктің құрылысын жүргізу жоспарланып отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев Бейбіт Исабаевқа инвестиция тарту үшін туризм, көлік және логистика салаларының әлеуетін барынша тиімді пайдалануды тапсырды.

Мемлекет басшысы өңірде агроөнеркәсіп кешені мен қант өндіру саласын дамыту, сондай-ақ игерілмеген ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекетке қайтару ісін жалғастыру маңызды екенін айтты.

Өңірдің дамуы жөнінде есеп берді



Суреттер туралы 4-АУРЖЫЛЫҚ Е.Ж.И.Б.Е.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиевті қабылдады. Қабылдау кезінде облыс басшысы Президентке өңір экономикасының өсімін қамтамасыз ету, халықтың тұрмыс сапасы мен табысын арттыру, сондай-ақ жана облыс орталығын дамыту жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысы туралы есеп берді.

Марат Сұлтанғазиевтің айтуынша, былтыр облыста әлеуметтік-экономикалық дамудың барлық негізгі саласы бойынша тұрақты өсім көрсеткіші сақталған. 37,2 мың жұмыс орны

ашылған. Оның 26,3 мыңы – тұрақты жұмыс.

Мемлекет басшысына өңірде су тасқынына қарсы іс-шараларды іске асыру, тұрғындар мен шаруашылық нысандарының

қауіпсіздігін қамтамасыз ету және табиғи апаттар салдарынан болатын залалды мүмкіндігінше азайту жөнінде мәлімет берілді.

Президентке облыс орталығын дамытудың 2030 жылға дейінгі кешенді даму жоспарының әзірлену барысы туралы баяндалды.

Әкім көктемгі егін егу жұмыстарына, саяжай алаптары жөніндегі түйткілдердің шешілуіне, инженерлік инфрақұрылымның реконструкциясына және ауыл шаруашылығы мақсатындағы игерілмей жатқан жерлерді мемлекетке қайтаруға қатысты мәселелер туралы айтты.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев облыс әкіміне орталық мемлекеттік органдармен бірлесіп, Қонаев қаласын дамыту жоспарын пысықтау жөніндегі жүйелі жұмыстарды жалғастыруды, сондай-ақ облыс аумағын кешенді дамыту міндеттерін жүзеге асыруды тапсырды.

Елшілерді қабылдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей және Қытай елшілерін қабылдады.

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының елшісі Алексей Бородавкинмен әңгімелесу барысында Президент Владимир Путиннің Қазақстанға алдағы сапарының, сондай-ақ биыл күзде Қостанайда өтетін XIX Өңіраралық ынтымақтастық форумын өткізудің маңыздылығын атап өтті.

Бұдан бөлек, Қазақстан мен

Ресей арасындағы жан-жақты стратегиялық серіктестіктің қазіргі жай-күйі мен перспективалары талқыланды.

Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы елшісі Чжан Сяомен кездесуде биыл мамыр айында Сиань қаласында өтетін «Орталық Азия + Қытай» саммитінің және Президент

Қасым-Жомарт Тоқаевтың ҚХР-ға жоспарланған мемлекеттік сапарының өзектілігі сөз болды.

Сондай-ақ екіжақты қатынастарды одан әрі нығайту, экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды кеңейту маңызды екеніне назар аударылды.

Мемлекет басшысы Қытай Төрағасы Си Цзиньпиннің Украинаға қатысты жағдайды саяси тұрғыда реттеу жөніндегі бітімгершілік әрекетіне жоғары баға берді.

Амал мерекесімен құттықтады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев барша Қазақстан халқын Амал мерекесімен құттықтады.

«Көктемнің алғашқы лебі ала келетін бұл күнді

жұртшылық ежелден асыға күткен. Елдік пен ынтымаққа

Наурызанама: Қазақтың бренді қайсы?



Қазақстанның бренді қандай болу керек? Бұл сұрақ әлмисақтан келе жатпаса да, тәуелсіздік алғалы күн тәртібінен түскен емес. Әлемнің тоғызыншы территориясын шартарапқа таныту үшін Ұлы даланың болмысын айшықтайтын, қазақ есімімен тығыз байланысты ұғым, қазіргі тілмен айтқанда бренд керек-ақ.



Сурет: «Егемен Қазақстан» архивінен алынды

Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Жер-жаһанның түкпір-түкпіріндегі әр мемлекеттің өзіне ғана тән ерекшелігі бар. Мәселен, тұман мен жауынды, Шерлок Холмс пен МИ6-ны, екі қабатты автобус пен телефон будкасын айтсаңыз, еске ең әуелі Ұлыбритания еске түседі. Одан қала берді, БигБені мен марқұм патшайымы тағы бар. Мұның бәрі Англияны төрткүл дүниеге паш етеді. Қызғалдақ туралы әңгіме қозғалғанда Нидерланд туралы тілге тиек етпеу мүмкін емес. Сары

такси мен Бостандық ескерткіші АҚШ-тың бренді деуге келеді. Француздар «Марсельезасымен» мақтанады. Эйфель мұнарасын көруге туристер миллиондап ағылады. Колизей мен гладиаторды Италиясыз елестету мүмкін емес. Олимпия ойындары Грекиядан бастау алғанын, Геракл мен Ахиллестің аталған елдің мифі екенін еңбектеген баладан еңкейген картқа дейінгінің бәрі біледі. Испандар сиеста десе ішкер асын жерге қояды. Айта берсеңіз, әр елге тән мұндай ерекшелік бітпейді.

(Соңы 11-бетте)

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Әскери полиция органдары туралы

Осы Заң әскери полиция органдарының қызметімен байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Әскери полиция органдарының мақсаты
Әскери полиция органдары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда (бұдан әрі – Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар) құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған.

(Жалғасы 7-бетте)

ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТ

Азаматтық қоғам: Кеңесіп пішкен тон келте болмайды

Кез келген мемлекеттің тірегі – азаматтық қоғам. Себебі үкіметтік емес ұйым өкілдері халық пен билік арасындағы байланысты нығайтып, қоғамдық диалогтің қалыптасуына ықпал етеді. Елімізде азаматтық қоғамның белсенділігін арттыру қажет екенін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылы Жолдауында айтып өткен еді.

Гүлнар ЖОЛЖАН,
«Egemen Qazaqstan»

«Біз елімізде азаматтық белсенділікті жандандыруымыз керек. Мемлекет пен қоғамның саналы әрі сындарлы серіктестігіне жол ашуымыз қажет. Сол себепті орталық және жергілікті органдардың, квазимемлекеттік сектордың жанындағы қоғамдық кеңестерді дамытып жатырмыз. Мен

бірнеше рет олардың қызметіне қатысты сын айтқан болатынымын. Дегенмен, бұл кеңестердің орасан зор институционалдық әлеуеті бар. Соны толығымен жүзеге асыру керек», деді Мемлекет басшысы.

Ендеше, қазіргі азаматтық қоғамның бет алысы қандай? Жаңа Қазақстан заңдылықтарына сай ма? Алдымен Қазақстандағы азаматтық қоғамның қалыптасу тарихына тоқталсақ, деректер бойынша аталған қоғамның

құрылып, дамуы екі кезеңнен өткенін көреміз. Оның алғашқысы өткен ғасырдың 90-жылдары пайда болған тәуелсіз кәсіподақ ұйымдары. Олар экономиканың үкіметтік емес секторы жұмысшыларының мүддесін қорғады. Одан соң әлеуметтік қорғау коалициясы құрылды. Бұл коалицияда 28 түрлі ұйым, партия, қозғалыстар бірігіп әлеуметтік мәселелерді қозғады. Сөйтіп, 2000 жылдың соңында «Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік әріптестік туралы» заң қабылданып, ұшжақты – билік, жұмыс берушілер мен жұмысшылар заңды түрде әлеуметтік әріптестік құрды.

(Соңы 6-бетте)

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

EUR/KZT 490.75

USD/KZT 458.22

RUB/KZT 6.09

CNY/KZT 66.6

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Әскери полиция органдары туралы

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

2-бап. Әскери полиция органдарының мәртебесі

1. Қарулы Күштердің әскери полиция органдары Қарулы Күштердің арнаулы әскерлерінің құрамына кіретін әскери бөлімше болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полиция органдары (бұдан әрі – Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полиция органдары) Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құрамындағы әскери құралым болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланның әскери полиция органдары (бұдан әрі – Ұлттық ұланның әскери полиция органдары) Ұлттық ұланның құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі (бұдан әрі – Қорғаныс министрі), Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі (бұдан әрі – Ішкі істер министрі), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы (бұдан әрі – Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісінше Қарулы Күштердің әскери полиция органдарының, Ұлттық ұлан әскери полиция органдарының, Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери полиция органдарының қызметіне басшылықты жүзеге асырады, олардың құрылымы мен штат санын бекітеді, нормативтік құқықтық актілерді және ұйымдастырушылық-штаттық іс-шаралар өткізу туралы шешімдер қабылдайды.

3-бап. Әскери полиция органдары қызметінің құқықтық негізі

1. Әскери полиция органдары қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы Заң, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері құрайды.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда жамтылғандардан өзге қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

4-бап. Әскери полиция органдары қызметінің қағидаттары

Әскери полиция органдарының қызметі:

- 1) заңдылық;
- 2) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүддесін құқыққа қарсы қолсұғушылықтан қорғау міндеттілігі;
- 3) дара басшылық және субординация;
- 4) саяси партиялардың және өзге де қоғамдық бірлестіктердің қызметінен тәуелсіз болу қағидаттары бойынша жүзеге асырылады.

2-тарау. ӘСКЕРИ ПОЛИЦИЯ ОРГАНДАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ, ҚҰЗЫРЕТІ ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

5-бап. Әскери полиция органдарының міндеттері

1. Әскери полиция органдарына мынадай міндеттер жүктеледі:

- 1) Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде құқық бұзушылық профилактикасы, оның алдын алу, анықтау, жолын кесу, қарау және тергеп-тексеру;
- 3) әскери қызметшілерді қамаққа алу, әкімшілік қамаққа алу түріндегі жазаны, сондай-ақ қоғамнан уақытша оқшаулаудың өзге де шараларын орындау.
2. Қарулы Күштердің әскери полиция органдарына Қарулы Күштердің жауынгерлік қызметін қамтамасыз ету жөніндегі арнаулы міндеттерді орындау да жүктелген.
3. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полиция органдарына:
 - 1) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарының (бұдан әрі – ұлттық қауіпсіздік органдары) объектілерін күзету;
 - 2) ұлттық қауіпсіздік органдарының әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қызметін үйлестіру жөніндегі міндеттерді орындау да жүктелген.
 4. Әскери полиция органдарына Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен өзге де міндеттер жүктеледі.
- 6-бап. Әскери полиция органдарының құзыреті
1. Әскери полиция органдары жүктелген міндеттер шегінде:
 - 1) құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, зерделеу арқылы құқықтық тәртіпті сақтауға және нығайтуға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асырады;
 - 2) гарнизондарда, әскери қалашықтарда, әскери бөлімдерде (мекемелерде) құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асырады;
 - 3) ұлттық қауіпсіздік органдарының, Қарулы Күштердің, Ұлттық ұланның көлік құралдарының жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;
 - 4) әскери қызметшілер және азаматтық персонал адамдары (жұмыскерлер) арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтауды жүзеге асырады;
 - 5) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асырады;
 - 6) қылмыстық құқық бұзушылық туралы істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырады;
 - 7) әскери қызметшілерді іздетіруді жүзеге асырады;
 - 8) гауптвахталар мен уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайлардың қызметін ұйымдастырады, оларда әскери қызметшілерді ұстауды, сондай-ақ оларды гауптвахталың шегінен тыс жерге айдауымен алып жүруді жүзеге асырады.
 2. Қарулы Күштердің әскери полиция органдары сондай-ақ:
 - 1) тәуліктік наряд қызметін, ішкі және гарнизондық қызметтерді, диверсияға қарсы қауіпсіздікті, терроризмге қарсы қорғалуды, әскери қызмет қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру, сондай-ақ әскери бөлімдерді (мекемелерді) күзетудің техникалық құралдарын пайдалану кезіндегі қызметін жүзеге асырады;
 - 2) Қорғаныс министрі айқындаған тәртіппен және шектерде объектіні – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің (бұдан әрі – Қорғаныс министрлігі) ғимаратын оған іргелес жатқан аумақпен және құрылыс-жайлармен бірге күзетуді, оның ішінде қару-жарақты, арнаулы құралдарды, қауіпсіздік жүйелерін және өзге де техникалық күзет құралдарын пайдалана отырып жүзеге асырады, сондай-ақ көрсетілген объектіде өткізу режимін қамтамасыз етеді.
 3. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полиция органдары сондай-ақ:
 - 1) Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы айқындаған тәртіппен және шекте ұлттық қауіпсіздік органдарының әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қызметін үйлестіреді;
 - 2) Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы айқындаған тәртіппен және шекте ұлттық қауіпсіздік органдарының объектілерін күзетуді, оның ішінде қару-жарақты, арнаулы құралдарды, қауіпсіздік жүйелерін және өзге де техникалық құралдарды пайдалана отырып

жүзеге асырады, сондай-ақ көрсетілген объектілерде өткізу режимін және объектішілік режимді қамтамасыз етеді;

- 3) ұлттық қауіпсіздік органдары объектілерінің физикалық және техникалық қорғалуын қамтамасыз етуді үйлестіруді жүзеге асырады.
4. Әскери полиция органдары Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.
- 7-бап. Әскери полиция органдарының өкілеттіктері
1. Әскери полиция органдары:
 - 1) әскери қызметшілердің және басқа да жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын құқыққа қарсы қолсұғушылықтан қорғауға;
 - 2) әскери қызметшілердің құқықтық тәрбиесіне қатысуға және құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі шараларды жүзеге асыруға;
 - 3) әскери қызметшілер арасында әскери тәртіпті қамтамасыз етуде әскери бөлімдердің (мекемелердің) қолбасшылығына жәрдем көрсетуге;
 - 4) патрульдік-бекеттік қызметті (патрульдеуді) жүзеге асыруға;
 - 5) әскери бөлімдер (мекемелер) мен әскери қалашықтар аумағында әскери қызметшілер және жеке тұлғалар құқық бұзушылық жасаған кезде құқық бұзушылықты тоқтатуды қамтамасыз ететін шаралар қабылдауға;
 - 6) әскери қызметшілер жасаған қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық, сондай-ақ гарнизондарда, әскери бөлімдерде (мекемелерде) болған оқиғалар туралы ақпаратты талдауға;
 - 7) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында айқындалатын тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылықты анықтауға, оның жолын кесуе, оны жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтауға, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға;
 - 8) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасында белгіленген тәртіппен қылмыстық құқық бұзушылықты анықтауға, оның жолын кесуе және ашуға, оны жасауға ықпал еткен мән-жайларды анықтауға, сондай-ақ сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға;
 - 9) әскери бөлімді (мекемені) немесе қызмет орнын өз бетінше тастап кеткен, қылмыстық процесті жүргізетін органдардан жасырынып жүрген және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда әскери қызметшілерді іздетіруді жүзеге асыруға;
 - 10) қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық жасайтын әскери қызметшілерді және жеке тұлғаларды, сондай-ақ қылмыстық процесті жүргізетін органдардан жасырынып жүрген айыпталушыларды немесе сотталушыларды, сондай-ақ әскери тәртіпті бұзатын әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұстауға;
 - 11) қылмыстық процесті жүргізетін органдардың тапсырмаларын Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен орындауға;
 - 12) төтенше жағдай немесе соғыс жағдайы режимін, терроризмге қарсы операцияны, аумақтық қорғаныс және төтенше ахуалды жою іс-шараларын қамтамасыз етуге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қатысуға;
 - 13) әскерлер қатысатын бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде құқықтық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге;
 - 14) құқыққа қарсы қолсұғушылықтан, оқиғалардан және жазатайым жағдайлардан зардап шеккен, сондай-ақ дәрменсіз не денсаулығы мен өміріне қауіпті өзге де күйдегі жеке тұлғаларға көмек көрсетуге;
 - 15) ұлттық қауіпсіздік органдарының, Қарулы Күштердің, Ұлттық ұланның көлік құралдары жүргізушілерінің жол жүрісі қағидаларын сақтауына, сондай-ақ оларды пайдалану қағидаларының сақталуына бақылауды жүзеге асыруға;
 - 16) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Айрықша мақсаттағы күштерін қоспағанда, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін тіпті құжаттарды және мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін бере отырып, мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыруға;
 - 17) әскери полиция органдарында тіркелген механикалық көлік құралдары мен олардың тіркемелерін міндетті техникалық қарап-тексеруден өткізуді жүзеге асыруға;
 - 18) ұлттық қауіпсіздік органдары, Қарулы Күштер, Ұлттық ұлан көлік құралдарының қатысуымен жол-көлік оқиғасы болған жерде кезек күттірмейтін іс-қимылдарды жүзеге асыруға, адамдарды құтқару және оларға кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету жөніндегі шараларды қабылдауға, бүлінген көлік құралдарын эвакуациялауға, сондай-ақ әскери мүлікті күзетуде жәрдемдесуге;
 - 19) әскери қызметшілерді гауптвахталарда және уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ұстауға және күзетуге;
 - 20) гауптвахтада ұсталатын әскери қызметшілерді (әкімшілік қамаққа алынған әскери қызметшілерден басқа) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен күзетуді және гауптвахтадан тыс жерде алып жүруді (айдауымен алып жүруді) қамтамасыз етуге;
 - 21) әскери қызметшілер жасаған тәртіптің теріс қылық туралы материалдарды Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың тәртіптік жарғысына сәйкес әскери бөлімдердің (мекемелердің) тиісті командирлерінің (бастықтарының) қарауына беруге;
 - 22) өз қызметін жетілдіру жөніндегі шараларды әзірлеуге;
 - 23) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.
2. Әскери полиция органдары:
 - 1) әскери қызметшілер мен азаматтық персонал адамдарының (жұмыскерлер) қызметтік міндеттерін орындауы немесе әскери бөлімдер (мекемелер) орналасқан жерлерде болуы кезінде олардан қоғамдық тәртіпті сақтауды, құқыққа қарсы әрекеттерді және әскери полиция органдарының міндеттері мен функцияларын жүзеге асыруға кедергі келтіретін әрекеттерді тоқтатуды, сондай-ақ әскери қызметшілердің әскери киім нысанын киіп жүру қағидаларын сақтауын талап етуге;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен:
 - 1) әскери қызметшілердің жеке басын қуаландыратын құжаттарын, сондай-ақ олардың әскери қызметке тиесілігін және әскери қызмет орнынан тыс жерде болу заңдылығын айқындайтын басқа да құжаттарын;
 - 2) әскери бөлімдердің (мекемелердің), жабық және оқшауланған әскери қалашықтар мен өзге де әскери объектілердің аумағындағы жеке тұлғалардың жеке

басын қуаландыратын құжаттарын, сондай-ақ олардың көрсетілген орындарда болуының заңдылығын растайтын басқа да құжаттарын тексеруге;

- 3) әскери қызметшілерді және азаматтық персонал адамдарын (жұмыскерлерді) психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтыну және масан күйде болу фактісін айқындау тұрғысынан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда медициналық қуаландыруға жіберуге;
- 4) тиісінше қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылықтар мен басқа да заң бұзушылықтарды жасауға ықпал еткен мән-жайларды, себептер мен жағдайларды жою жөнінде ұсыну енгізуге;
- 5) кезек күттірмейтін жағдайларда байланыс құралдарын олардың тұрған жеріне және тиесілігіне қарамастан (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар өкілдіктерінің байланыс құралдарынан басқа) қызметтік мақсаттарда пайдалануға, сондай-ақ өзге мүмкіндіктер болмаған кезде әскери көлікті оқиға болған жерге жету, шұғыл медициналық көмекке мұқтаж әскери қызметшілер мен өзге де адамдарды, егер кешеуілдету олардың өміріне немесе денсаулығына нақты қатер төндіретін болса, медициналық ұйымдарға жеткізу үшін пайдалануға;
- 6) әскери бөлімді (мекемені) немесе қызмет орнын қарумен өз бетінше тастап кеткен әскери қызметшілерді іздетіру және ұстау жөніндегі іс-шараларды жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарымен келісу бойынша бақылау-өткізу пункттерін орнатуға;
- 7) адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін мән-жайлар кезінде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша көшелердің, автомобиль жолдарының жеке-леген учаскелерінде және басқа да аумақтарда көлік құралдары мен жаяу жүргіншілердің жүруін шектеуге немесе оған тыйым салуға;
- 8) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша ұлттық қауіпсіздік органдарының, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың көлік құралдары колонналарына ілесіп жүруді ұйымдастыруға және қамтамасыз етуге және осы колонналар өтетін уақытта жолдар мен көшелердегі жол жүрісін реттеуді жүзеге асыруға;
- 9) ұлттық қауіпсіздік органдарында, Қарулы Күштердің, Ұлттық ұланның әскери бөлімдерінде (мекемелерінде) жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі бақылау іс-шараларын және профилактикалық іс-шаралардың орындалуын тексеруге;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көлік құралдарын тоқтатуға, жете тексеруге, сондай-ақ тоқтатып кідіртуге, мұндай тыйым салуға негіз болған себептер жойылғанға дейін, сондай-ақ тізбесін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі бекітетін ақаулар мен жағдайлар болған кезде оларды пайдалануға тыйым салуға; тораптарының және агрегаттарының нөмірлері жасырын, қолдан жасалған, өзгертілген не мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері жасанды немесе қолдан жасалған көлік құралдарын, сол сияқты көлік құралдарының таңбаларын тіркеу құжаттарында көрсетілген деректерге сәйкес келмеген кезде оларды пайдалануға тыйым салуға; масан күйде деп пайымдауға жеткілікті негіздер бар адамдарды көлік құралдарын басқарудан шеттетуге және оларды масан күйі медициналық қуаландыруға жіберуге құқылы, бұл ретте:

Қарулы Күштердің әскери полиция органдарының өкілеттіктері – Қарулы Күштердің көлік құралдарына және оларды басқаратын адамдарға;

Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери полиция органдарының өкілеттіктері – ұлттық қауіпсіздік органдарының көлік құралдарына және оларды басқаратын адамдарға;

Ұлттық ұланның әскери полиция органдарының өкілеттіктері Ұлттық ұланның көлік құралдарына және оларды басқаратын адамдарға қолданылады;

- 11) әскери бөлімдерде (мекемелерде) әскери қызметшілердің және азаматтық персонал адамдарының (жұмыскерлердің) Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтауын тексеруге;
- 12) әскери полиция органдары күзететін объектілерде:
 - 1) жеке тұлғалар объектілерге кірген және олардан шыққан кезде олардың жеке басын қуаландыратын құжаттарын, өздерімен алып жүретін заттарын тексеруді жүзеге асыруға;
 - 2) өткізу және объектішілік режимдердің сақталуын талап етуге;
 - 3) алып кіруге (әкелуге), алып шығуға (әкетуге) шектеу қойылған құжаттарды, нәрселерді, заттарды, бұйымдар мен заттектерді табу және алып қою үшін техникалық құралдарды пайдалануға;
 - 13) әскерлер қатысатын бұқаралық іс-шаралар өткізу орындарына кіру кезінде адамдарды, олардың заттарын, көлік құралдарын және тасымалданатын жүктерді жете тексеруді, оның ішінде техникалық құралдар мен қызметтік итерді пайдалана отырып, жүргізуге;
 - 14) құқық бұзушылықтың жасалу фактілерін, сондай-ақ әскери полиция органдары әскери қызметшілерінің әрекеттерін тіркеу үшін техникалық құралдарды қызметтік міндеттерін атқару кезінде пайдалануға;
 - 15) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.
3. Қарулы Күштердің әскери полиция органдары сондай-ақ:
 - 1) тәуліктік наряд қызметінің, ішкі және гарнизондық қызметтердің, диверсияға қарсы қауіпсіздікті, терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастырылуына, Қарулы Күштердің әскери бөлімдері (мекемелері) күзетінің техникалық құралдарының пайдаланылуына ішкі бақылауды жүзеге асыруға;
 - 2) Қарулы Күштердің әскери бөлімдерінде (мекемелерінде) әскери қызметтің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларын ұйымдастырылуына ішкі бақылауды жүзеге асыруға;
 - 3) кинологиялық қызметті жүзеге асыруға құқылы.
- 8-бап. Әскери полиция органдарының ведомстволарық өзара іс-қимылы, сондай-ақ мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимылы
1. Әскери полиция органдары өз қызметін өзара, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте құқық қорғау және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасап жүзеге асырады және өздерінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша бір-бірін хабардар етеді, сондай-ақ ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды.
- Әскери полиция органдарының ведомстволарлық өзара іс-қимылын, сондай-ақ олардың құқық қорғау органдарымен, басқа да мемлекеттік органдармен және олардың ведомстволық бағынысты ұйымдарымен өзара іс-қимылын ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібі тиісті мемлекеттік органдардың бірлескен нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.
2. Әскери полиция органдары күзететін объектілерде күзет іс-шараларын жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметі күзетілетін

адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешуде ұйымдастырушы және үйлестіруші орган болып табылады.

Астана және Алматы қалаларында күзет іс-шараларын жүргізу кезінде әскери полиция органдары әскери көлік құралдары колонналарының өтуін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметімен, ал басқа әкімшілік-аумақтық бірліктерде ұлттық қауіпсіздік органдарымен келіседі.

3. Әскери бөлімдердің (мекемелердің) қолбасшылығы, әскери басқару органдары мен әскери қызметшілер әскери полиция органдарына өздеріне жүктелген міндеттерді шешуде жәрдем көрсетуге міндетті.
- 9-бап. Уәкілетті органдардың құзыреті
1. Қорғаныс министрлігі:
 - 1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері көлік құралдарының жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция органдарының қызметін ұйымдастыру қағидаларын;
 - 2) әскери көлік құралдарының және арнайы мақсаттағы көлік құралдарының колонналарына ілесіп жүруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету, автомобиль жолдары мен көшелерде осы колонналар өтетін уақытта жол жүрісін реттеу қағидаларын;
 - 3) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция органдарының гауптвахтасындағы ішкі тәртіп-теме және онда күдіктілер мен айыпталушыларды ұстау қағидаларын;
 - 4) әскери қызметшілердің Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция органдарының гауптвахтасында әкімшілік қамаққа алуы өтеу қағидаларын;
 - 5) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция органдарының гауптвахтасындағы ішкі тәртіп-теме және онда сотталғандарды ұстау қағидаларын;
 - 6) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция органдарының гауптвахтасында ұсталатын әскери қызметшілерді (әкімшілік қамаққа алынған әскери қызметшілерден басқа) гауптвахтадан тыс жерде күзету және алып жүру (айдауымен алып жүру) қағидаларын;
 - 7) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органы бойынша кезекші жанындағы уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайлардың қызметін ұйымдастыру қағидаларын және олардағы ішкі тәртіп-теменің үлгілік қағидаларын;
 - 8) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдары патрульдік-бекеттік қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын;
 - 9) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция органдарының қауіпсіздік шараларын жүзеге асыру қағидаларын;
 - 10) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдары әскери қызметшілерінің қызметтік әдеп қағидаларын;
 - 11) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскерлер қызметін ұйымдастыру қағидаларын;
 - 12) қылмыстық процесті жүргізетін органдардан жасырынып жүрген, сондай-ақ әскери бөлімді (мекемені) немесе қызмет орнын өз бетінше тастап кеткен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілерін іздетіруді ұйымдастыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді.
2. Ұлттық қауіпсіздік комитеті:
 - 1) әскери қызметшілердің Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери полиция органдарының гауптвахтасында әкімшілік қамаққа алуы өтеу қағидаларын;
 - 2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери полиция органдарының патрульдеуді ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын;
 - 3) ұлттық қауіпсіздік органдарының көлік құралдарының және арнаулы мақсаттағы көлік құралдарының колонналарына ілесіп жүруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету, автомобиль жолдары мен көшелерде осы колонналар өтетін уақытта жол жүрісін реттеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді.
3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:
 - 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери полиция органдары арнаулы көлік құралдарының тізбесін;
 - 2) Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының механикалық көлік құралдарының және олардың тіркемелерін мемлекеттік тіркеу қағидаларын;
 - 3) Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери полиция органдарында тіркелген механикалық көлік құралдарына және олардың тіркемелеріне міндетті техникалық қарап-тексеру жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді.

3-тарау. ӘСКЕРИ ПОЛИЦИЯ ОРГАНДАРЫ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ ДЕНЕ КҮШІН, АРНАУЛЫ ҚҰРАЛДАР МЕН ҚАРУДЫ ҚОЛДАНУЫ

10-бап. Дене күшін, арнаулы құралдар мен қаруды қолдану шарттары мен шегі

1. Әскери полиция органдары әскери қызметшілерінің қаруды, арнаулы құралдарды алып жүруге, сақтауға және қолдануға, сондай-ақ дене күшін қолдануға құқығы бар.
2. Әскери полиция органдарының әскери қызметшілері арнаулы даярлықтан, сондай-ақ дене күшін, арнаулы құралдарды, қаруды қолдануға байланысты іс-қимылдарға жарамдылығы тұрғысынан мерзімді тексеруден өтуге міндетті.
3. Әскери полиция органдарының әскери қызметшісі дене күшін, арнаулы құралдарды, қаруды қолдану кезінде:
 - 1) дене күшін, арнаулы құралдарды, қаруды қолдануға кешеуілдету жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, өзге де ауыр салдарға алып келуі мүмкін немесе қалыптасқан жағдайда мұндай әрекет орынсыз немесе мүмкін емес болып табылған жағдайларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, дене күшін, арнаулы құралдарды немесе қаруды қолдану ниеті туралы ескертуге, бұл ретте оларды қолдану көзделетін адамдарға өз талаптарын орындау үшін жеткілікті уақыт беруге;
 - 2) оларды қолдану нәтижесінде дене жарақаттарын алған жеке тұлғаларға алғашқы көмек көрсету бойынша шаралар қабылдауға;
 - 3) оларды қолданудың әрбір фактісі туралы тікелей бастығына дереу баяндауға міндетті.
 4. Әскери полиция органдарының әскери қызметшісі адамдардың қаза табуына немесе өзге де ауыр салдарға алып келген дене күшін, арнаулы құралдарды, қаруды қолданған жағдай туралы әскери прокурорға дереу хабарланады.
 5. Әскери полиция органдарының әскери қызметшілері, егер олардың әрекеттері әскери қызметшілерге, басқа да жеке тұлғаларға, күзетілетін объектілерге немесе әскери полиция органдары әскери қызметшісінің өзіне қол сұғу сипаты мен қауіптілік дәрежесіне сәйкес келсе, дене күшін, арнаулы құралдарды, қаруды қолдануға байланысты келтірілген моральдық, мүлтік және физикалық зиян үшін жауапты болмайды.

(Соңы 8-бетте)



(Соңы. Басы 1, 7-беттерде)

Әскери полиция органдары әскери қызметшілерінің дене күшін, арнаулы құралдар мен қаруды өкілеттіктерін асыра пайдаланып қолдануы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

11-бап. Дене күшін, арнаулы құралдарды қолдану
1. Әскери полиция органдары әскери қызметшілерінің дене күшін, оның ішінде жауынгерлік күрес тәсілдерін, сондай-ақ арнаулы құралдарды және қызметтік иттерді мынадай:

1) әскери қызметшілердің, басқа да адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін шабуылдан және өзге де әрекеттерден оларды қорғау және өзін-өзі қорғау;

2) әскери қалашықтардағы, әскери бөлімдердегі (мекемелердегі) жаппай тәртіпсіздіктің, сондай-ақ әскери қызметшілердің қоғамдық тәртіп пен әскери тәртіпті топтасып бұзуының жолын кесу;

3) әскери қалашықтарға, сондай-ақ әскери полиция органдары күзететін объектілер мен көлік құралдарына шабуылды тойтару, шабуыл жасау әрекеттерінің жолын кесу, осындай объектілерге адамдардың, автомобильді көлік құралдары мен өзге де техниканың санқиялданбаған кіруінің жолын кесу жағдайларында, сол сияқты осындай объектілер мен құралдар басып алынған жағдайда оларды босату үшін;

4) қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезінде қолға түскен, әскери полиция органдарының әскери қызметшілеріне осы Занда жүктелген міндеттерді жүзеге асыруда оларға қарсылық көрсететін немесе қасақана кедергі келтіретін адамдарды ұстау;

5) егер ұсталған, күзетпен қамауға алынған әскери қызметшілердің, сондай-ақ сотталғандардың, күдіктілер мен айыпталушылардың қашып кетуі, айналасындағыларға немесе өзіне зиян келтіруі мүмкін деп пайымдауға жеткілікті негіздер болса, оларды алып жүру және күзету (айдауымен алып жүру);

6) қылмыстық құқық бұзушылықты анықтау, оның алдын алу және жолын кесу, сондай-ақ әскери қызметшілерді іздестіру жағдайларында қолдануға құқығы бар.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Ұлттық ұланның әскери полиция органдарының әскери қызметшілері дене күшін, оның ішінде жауынгерлік күрес тәсілдерін, сондай-ақ арнаулы құралдарды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда да қолдануға құқылы.

2. Қарулы Күштер мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полиция органдарының арнаулы құралдарының тізбесін тиісінше Қорғаныс министрі және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы айқындайды.

3. Әйелдер, анық мүгедектік белгілері бар адамдар және жас балалар айналасындағылардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін шабуыл, топтасып шабуыл жасаған не қарулы қарсылық көрсеткен жағдайлардан басқа кезде оларға қатысты жауынгерлік күрес тәсілдерін, арнаулы құралдарды және қызметтік иттерді қолдануға тыйым салынады.

12-бап. Қару қолдану
Әскери полиция органдары әскери қызметшілерінің Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда ақырғы шара ретінде қару қолдануға құқығы бар.

4-тарау. ӘСКЕРИ ПОЛИЦИЯ ОРГАНДАРЫНЫҢ КАДРЛЫҚ ҚҰРАМЫ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ, ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ ЖАУАПТЫЛЫҒЫ

13-бап. Әскери полиция органдарының кадрлық құрамы

1. Әскери полиция органдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери қызметшілерден жасақталады.

Қарулы Күштердің әскери полиция органдары азаматтық персоналмен (жұмыскерлермен) де жасақталады.

2. Әскери полиция органдарына әскери қызметке кіретін адамға қатысты лауазымға тағайындалар алдында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес арнаулы тексеру жүргізіледі.

Әскери полиция органдарына әскери қызметке алғаш рет кіретін азаматтар міндетті түрде арнаулы бастапқы оқудан және тағылымдамадан (сынақ мерзімінен) өтеді. Олардың тағылымдамадан (сынақ мерзімінен) өту тәртібі мен шарттарын тиісінше Қорғаныс министрі, Ішкі істер министрі, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы айқындайды.

3. «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және құрылымына әскери полиция органдары кіретін мемлекеттік органдардың қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жағдайларда адамдар әскери полиция органдарына әскери қызметке қабылданабды.

4. Бұрын әскери полиция органдарында әскери қызмет өткерген адамдарды қоспағанда, басқа әскерлер мен әскери құралымдардан, арнаулы мемлекеттік органдар мен құқық қорғау органдарынан ауыстырылған, сондай-ақ Қарулы Күштердің құрылымдық бөлімшелерінен Қарулы Күштердің әскери полиция органдарына ауыстырылған әскери қызметшілер Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарында немесе оқу орталықтарында міндетті қайта даярлаудан өтеді.

5. Қарулы Күштердің әскери полиция органдарының әскери қызметшілері Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындары мен оқу орталықтарында қайта даярлаудан және біліктілігін арттырудан өтуге құқылы.

6. Қарулы Күштердің әскери полиция органдары азаматтық персоналының (жұмыскерлердің) еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамасымен реттеледі.

14-бап. Әскери полиция органдары әскери қызметшілерінің құқықтық жағдайы және әлеуметтік қамсыздандырылуы

1. Әскери полиция органдарының әскери қызметшілері өздеріне жүктелген міндеттерді орындау кезінде мемлекеттің қорғауында болады және билік өкілдері болып табылады.

2. Әскери полиция органдары әскери қызметшілерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптары (бұдан әрі – заңды талаптар) барлық азаматтар мен лауазымды адамдардың орындауы үшін міндетті болады.

3. Әскери полиция органдары әскери қызметшілерінің заңды талаптарын орындамау, оларды қорлау, қарсылық көрсету, күш қолдану қатерін төндіру немесе олардың өміріне, денсаулығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне, мүлкіне қол сұғу, оларға жүктелген міндеттерді орындауына кедергі келтіретін басқа да әрекеттер жасау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

4. Әскери полиция органдарының әскери қызметшілеріне заңнамада бекітілген міндеттерді орындау мақсатында олардың жеке басын және өкілеттіктерін растау үшін қызметтік куәліктер мен жетондар беріледі. Қызметтік куәлік пен жетонды беру, пайдалану тәртібін және олардың сипаттамасын уәкілетті органның басшысы айқындайды.

Қызметтік куәлік қаруды, арнаулы құралдарды алып жүру және сақтау құқығын, әскери полиция органдарының әскери қызметшілеріне Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген өзге де өкілеттіктерді растайды.

Қарулы Күштердің әскери полиция органдарының мерзімді қызметтегі әскери қызметшілеріне қызметтік куәліктер мен жетондар берілмейді, олардың әскери полиция органдарына тиесілігі белгіленген үлгідегі нысанды киіммен және айырым белгілерімен расталады.

5. Әскери полиция органдарының әскери қызметшілеріне «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және құрылымына әскери полиция органдары кіретін мемлекеттік органдардың қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген әлеуметтік кепілдіктер, жеңілдіктер, медициналық

қамтамасыз ету, зейнетақымен қамсыздандыру және басқа да қамтамасыз ету түрлері қолданылады.

15-бап. Әскери полиция органдары әскери қызметшілерінің жауаптылығы

1. Әскери полиция органдарының әскери қызметшілері құқық бұзушылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Әскери полиция органдарының әскери қызметшілерін тәртіптік жауаптылыққа тарту Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жалпы әскери жарғыларында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

2. Әскери полиция органдары әскери қызметшілерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жоғары тұрған лауазымды адамдарға, сотқа шағым жасалуы мүмкін.

5-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

16-бап. Әскери полиция органдарын қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету

Әскери полиция органдарын қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету тиісінше Қорғаныс министрлігіне, ұлттық қауіпсіздік органдарына және Ұлттық ұланға бөлінетін бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери полиция органдарының оқшауланған құрылымдық бөлімшелері қызмет ету және тыныс-тіршілігі үшін қажетті қызметтік үй-жайлармен, байланыс құралдарымен, автомобиль көлік құралдарымен, жанар-жағармай материалдарымен, қару-жарақпен, тұрғын үймен және басқа да материалдық-техникалық құралдармен ұлттық қауіпсіздік органдары және орналасқан жерлеріндегі олардың бөлімшелері есебінен қамтамасыз етіледі.

17-бап. Әскери полиция органдарының қызметінде заңдылықтың сақталуын қадағалау

Әскери полиция органдарының қызметінде заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және оған бағынысты әскери прокурорлар жүзеге асырады.

18-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. «Әскери полиция органдары туралы» 2005 жылғы 21 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті
К.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 14 наурыз
№205-VII ҚРЗ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әскери полиция органдары және қорғанысты ұйымдастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

(Соңы. Басы 1-бетте)

2. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне:

61-баптың екінші бөлігінің 5) тармағы мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

«азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның азаматтық қорғаныстың басқару органдары мен әскери бөлімдерінің әскери қызметшілері жасаған барлық қылмыстық құқық бұзушылық туралы істер бойынша да – Қарулы Күштердің әскери полиция органдары»;

3. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына:

12-бапта:

16-1) тармақшадағы «және жауынгерлік қызметті» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 16-2) тармақшамен толықтырылсын:

«16-2) Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы айқындайтын тәртіппен ұлттық қауіпсіздік органдарында жауынгерлік қызметті ұйымдастыруға және атқаруға»;

4. «Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, арнаулы үй-жайларда ұстау тәртібі мен шарттары туралы» 1999 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына:

1) 2-бап мынадай мазмұндағы 5-1) және 11-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«5-1) гауптвахта – әскери полиция органдарының жанынан жабдықталған, мынадай:

әкімшілік қамаққа алынған;

қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұсталған, сондай-ақ өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау таңдалған, қылмыс жасады деп күдіктірілген, айыпталған, сотталушы;

қамаққа алуға сотталған;

бас бостандығынан айыруға сотталған әскери қызметшілерді – соттың айыптау үкімі заңды күшіне енгенге дейін және оларды жазаны орындау органдарына жібергенге дейін қоғамнан заңды негізде уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнайы үй-жай»;

«11-2) уақытша ұсталғандарға арналған үй-жай – әкімшілік құқық бұзушылықтың жолын кесу немесе әкімшілік іс жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында әскери қызметшілерді заңда белгіленген мерзімге мәжбүрлеп ұстауға арналған арнайы бейімделген үй-жайлар

2) 3-бапта:

тақырып «арнаулы үй-жайларда» деген сөздерден кейін «, гауптвахталарда, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларда» деген сөздермен толықтырылсын; «арнаулы үй-жайларда» деген сөздерден кейін «, гауптвахталарда, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларда» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 4-бапта:

тақырып «арнаулы үй-жайларда» деген сөздерден кейін «, гауптвахталарда, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларда» деген сөздермен толықтырылсын;

«арнаулы мекемелерде» деген сөздерден кейін «, гауптвахталарда» деген сөзбен толықтырылсын;

4) мынадай мазмұндағы 5-2-баппен толықтырылсын:

«5-2-бап. Әскери қызметшілерді гауптвахталарға және уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларға жабу негіздері

1. Әскери қызметшілерді гауптвахталарға жабу негіздері:

1) әкімшілік қамаққа алынгандарды жабу судьяның қамаққа алу туралы қаулысының негізінде жүзеге асырылады;

2) қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұсталғандарды жабу тергеуші не анықтаушы жасаған ұстау хаттамасы бойынша жүзеге асырылады;

3) өздеріне қатысты бұлтартпау шарасы ретінде

күзетпен ұстау қолданылған, қылмыс жасады деп күдік келтірілгендерді, айыпталушыларды, сотталушыларды жабу судьяның қаулысы бойынша жүзеге асырылады;

4) қамаққа алуға сотталғандарды жабу сот үкімі мен оны орындау туралы өкімнің негізінде жүзеге асырылады.

Бас бостандығынан айыруға сотталған әскери қызметшілер айыптау үкімі заңды күшіне енгенге дейін және оларды жазаны орындау органдарына жібергенге дейін сот үкімі негізінде гауптвахталарда ұстауы мүмкін.

2. Әскери қызметшілерді уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларға жабу әскери полиция органдарының уәкілетті лауазымды адамы жасаған әкімшілік ұстап алу туралы хаттама негізінде жүзеге асырылады.

Шалғайлығы немесе тиісті қатынас жолының болмауы салдарынан гауптвахтаға немесе уақытша ұстау изоляторына жеткізу мүмкін болмаған жағдайларда қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұсталған әскери қызметшілерді Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органы бойынша кезекшінің жанындағы уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларға жабуға жол беріледі.»

5) 6-бапта:

тақырып «арнаулы үй-жайларда» деген сөздерден кейін «, гауптвахталарда, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларда» деген сөздермен толықтырылсын; 1-тармақ «арнаулы үй-жайларда» деген сөздерден кейін «, гауптвахталарда, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларда» деген сөздермен толықтырылсын;

6) мынадай мазмұндағы 8-1 және 9-3-баптармен толықтырылсын:

«8-1-бап. Гауптвахталар

1. Гауптвахталар Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полиция органдары жанынан жабдықталады және олардың құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

2. Гауптвахталарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімді олардың ведомстволық тиесілігіне қарай тиісінше Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті қабылдайды.

3. Гауптвахталар қызметінің тәртібі мен ұйымдастырылуы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының гарнизондық және қарауылдық қызметтерінің жарғысында айқындалады»;

«9-3-бап. Уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайлар

1. Гауптвахталар ішінде уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайлар жабдықталады, оларға гауптвахта қызметінің тәртібі мен ұйымдастырылуы қолданылады.

Уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайлар қызметінің тәртібі мен ұйымдастырылуы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының гарнизондық және қарауылдық қызметтерінің жарғысында айқындалады.

2. Гарнизондарда гауптвахталар болмаған кезде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органы бойынша кезекшінің жанынан уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайлар құрылады.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органы бойынша кезекшінің жанындағы уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайлардың қызметін ұйымдастыру тәртібін және олардағы ішкі тәртіптеменің үлгілік қағидаларын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі айқындайды»;

7) 3-2-тараудың тақырыбы «изоляциярларында» деген сөзден кейін «, гауптвахталарда» деген сөзбен толықтырылсын;

8) 46-8-бапта:

тақырып «изоляциярларында» деген сөзден кейін «, гауптвахталарда» деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

«3. Әкімшілік қамаққа алынған, гауптвахталарда ұсталатын әскери қызметшілерге әскери қызметшілердің

гауптвахтада әкімшілік қамақты өтеу тәртібіне сәйкес осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылады.»;

9) 46-9-бапта:

тақырып «изоляцияторынан» деген сөзден кейін «, гауптвахтадан» деген сөзбен толықтырылсын;

1-тармақ «изоляцияторынан» деген сөзден кейін «, гауптвахтадан» деген сөзбен толықтырылсын;

4-тармақ «изоляцияторында» деген сөзден кейін «, гауптвахтада» деген сөзбен толықтырылсын;

10) 3-4-тараудың тақырыбы «үй-жайларда» деген сөздерден кейін «, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларда» деген сөздермен толықтырылсын;

11) 46-21-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларға жабдылатын әскери қызметшілерді қабылдау және тіркеу, жеке жете тексеруді, медициналық куаландыруды (қажет болған кезде дактилоскопиялауды және фотосуретке түсіруді) жүргізу тәртібі, сондай-ақ алып қонаға жататын заттардың тізбесі уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайлардың қызметін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес айқындалады.»;

2-тармақтың бірінші бөлігіндегі «отырғызылғаны туралы олардың тұрғылықты жері бойынша жақын туыстарына» деген сөздер «жабылғаны туралы олардың тұрғылықты жері бойынша жақын туыстарына, әкімшілік ұстауға алынған әскери қызметшілердің уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларға жабылғаны туралы әскери бөлімдердің (мекемелердің) қолбасшылығына (бастықтарына)» деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 46-22-бапта:

тақырып «үй-жайларда» деген сөздерден кейін «, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларда» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын: «6. Уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларда әскери қызметшілерді ұстау режимі уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайлардың қызметін ұйымдастыру қағидаларында айқындалады.»;

13) 46-23-бапта:

тақырып «үй-жайларда» деген сөздерден кейін «, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларда» деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақта:

1) және 2) тармақшалар «үй-жайда» деген сөздерден кейін «, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайда» деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшадағы «полиция органының» деген сөздер «полиция, әскери полиция органдарының» деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Арнаулы үй-жайларға, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларға орналастырылған адамдар тиісінше полиция органының, әскери полиция органының басшысы бекітетін арнаулы үй-жайдың, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайдың ішкі тәртіптеме қағидаларын орындауға міндетті.»;

14) 46-24-бапта:

тақырып «үй-жайдан» деген сөздерден кейін «, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайдан» деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ «үй-жайда» деген сөздерден кейін «, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайда» деген сөздермен толықтырылсын;

15) 49-бапта:

тақырып «үй-жайларда» деген сөздерден кейін «, гауптвахталарда, уақытша ұсталғандарға арналған үй-жайларда» деген сөздермен толықтырылсын;

«үй